виртуальной лабораторной работы по теме «Определение коэффициента линейного расширения твердых тел», используемые инструменты, цифровые платформы и методы интеграции в учебный процесс. При проведении лабораторной работы предлагаются критерии оценки результатов работы обучающихся и система самооценки. Также представлены самостоятельные, уровневые и проектные задания, выполняемых обучающимися при выполнении лабораторных работ. Данные задания направлены не только на закрепление теоретических знаний обучающихся, но и на развитие их исследовательских способностей, критического мышления и практических навыков. Рассмотренная методика направлена на цифровизацию образовательного процесса, внедрение интерактивных технологий обучения и обеспечение качественного образования в условиях дистанционного обучения. С помощью виртуальных лабораторных работ можно проводить физические эксперименты в безопасном, доступном и безубыточном формате. Систематическое внедрение виртуальных лабораторных работ в учебный процесс повышает интерес обучающихся к предмету и развивает их экспериментальные навыки. Это играет важную роль в формировании профессиональных компетенций будущих учителей физики. Предлагаемая методика позволяет наряду с преподаванием курса молекулярной физики широко применять и другие курсы по теоретическим основам физики и в дисциплинах направления STEM. Также способствует развитию современной цифровой образовательной среды в преподавании физики в общеобразовательной школе. Организация виртуальных лабораторных работ по физике позволяет создать индивидуальную траекторию обучения обучающихся, индивидуализировать обучение.

Ключевые слова: будущие учителя физики, виртуальная лабораторная работа, методика организации лабораторной работы, критерии оценивания, самостоятельная работа, уровневые задания, проектные работы

Kіріспе. 6B01502 – «Физика мұғалімін даярлау» білім беру бағдарламасы болашақ физика мұғалімдеріне жоғары кәсіптік білім беруге бағытталған. Білім беру бағдарламасының іргелі дайындық модуліне енгізілген пәндерді оқытудың негізгі максаты білім алушыларда физиканың іргелі заңдарының рөлін, қоршаған әлемнің әртүрлі құбылыстарының табиғатын сипаттау және талдау үшін негіз ретінде түсінуді дамыту; практикалық міндеттерді өз бетінше шешу дағдыларын меңгерту; ғылыми зерттеу мен ойлаудың өзіндік әдістеріне қабілеттілікті игерту үшін іргелі физикалық, астрономиялық түсініктерді жинақтай отырып алынған білімді болашақ кәсіби қызметте қолдану дағдыларын қалыптастыру болып табылады.

Болашақ мұғалімдердің педагогикалық қызметте электрондық білім беру ресурстарын пайдалану дайындығын қалыптастыру мәселелері Адылбекова және басқаларының зерттеу жұмысында көрсетілген (Адылбекова және т.б., 2024).

А.Г. Аубакир және т.б. өз еңбектерінде цифрлық технологиялардың

карқынды дамуы және олардың білім беру жүйесіне әсеріне байланысты болашақ пән мұғалімдерінің цифрлық құзыреттілігін арттыруға назар аударған. Олар болашақ мұғалімдердің цифрлық құзыреттіліктерін қалыптастыруға бағытталған әдіс-тәсілдер мен құралдардың тиімділігі мен қолданылуының оңтайлы шешімдерін ұсынған (Аубакир және т.б., 2023).

Негізгі ережелер. Болашақ мұғалімді даярлау мәселесі әрқашанда өз өзектілігін жоғалтпайтын мәселелер қатарына жатады. Қазіргі уақытта педагогикалық жоғары оқу орындарының басты міндеті алдыңғы қатардағы іс-тәжірибелердегі озық әдістемелер мен ұлттық мұраның, сондай-ақ әлемдік тәсілдер негізінде қазіргі заманғы білім беру қажеттіліктерін болжай алатын пән мұғалімдерін даярлау болып табылады.

6B01502 – «Физика мұғалімін даярлау» білім беру бағдарламасы студентке бағдарланған білім беру негізінде жүзеге асырылады. Осыған орай, білім беру бағдарламасының іргелі дайындық модуліне енгізілген пәндерді оқытуда заманауи ақпараттық технологиялардың мүмкіндіктерін кеңінен қолдану көзделеді. Осы мақсатты жүзеге асыруда педагогикалық жоғары оқу орындарының оқу процесіне енгізуге болатын молекулалық физика курсынан виртуалды зертханалық жұмыстар кешені дайындалды, әрі барлық білім алушылар үшін қол жетімді.

Материалдар мен әдістер. 6B01502 – «Физика мұғалімін даярлау» білім беру бағдарламасындағы іргелі дайындық модуліне енгізілген пәндерді оқыту барысында физика ғылымының қазіргі даму деңгейіне, физикалық процестер мен құбылыстарды бақылау, алған білімді өзінің болашақ қызметінде қолдана білу мәселелеріне көңіл аудару қажеттілігі атап көрсетілген. Сонымен қатар, болашақ физика мұғалімдерінің негізгі физикалық заңдарды, теорияларды, құбылыстар мен процестерді түсінуі, физикалық құбылыстар мен шамаларды математикалық әдістермен өрнектей білуі секілді маңызды мәселелер де ескеріледі. Білім беру бағдарламасының іргелі дайындық модуліне молекулалық физика, молекулалық физикадан лабораториялық практикум пәндері де енгізілген (Оразов және т.б., 2024).

Молекулалық физика курсын оқыту барысында физиканың әр түрлі агрегаттық күйіндегі заттардың физикалық қасиеттерін олардың молекулалық құрылысы негізінде зерттейтін физиканың саласы. Молекулалық физика газдардың, сұйықтықтардың және қатты денелердің құрылысы, олардың сыртқы әсерлердің (қысым, температура, электр және магнит өрістері) нәтижесінде өзгеруі, тасымалдау құбылысы (диффузия, жылуөткізгіштік, ішкі үйкеліс), фазалық тепе-теңдік және ауысу процестері (кристалдану және балқу, булану және конденсация, т.б.) заттардың кризистік күйі, әр түрлі фазалардың бөліну шекараларындағы беттік құбылыстар қарастырады. Заттардың және олардың зерттеу әдістерінің әр түрлі болуына қарамастан молекулалық физика заттар құрылысының микроскопиялық (молекулалық) сипатына негізделе отырып, олардың макроскопиялық қасиеттерін зерттейді (Gkioka 2019).

Нәтижелер мен талқылаулар. Молекулалық физикадан лабораториялық

практикум курсының негізгі мақсаты молекулалық физика курсына алған теориялық білімнің негізінде физикалық құбылыстар мен процестерді, әртүрлі физикалық заңдылықтарды эксперимент жүзінде жаңғыртып зерттеп, физикалық шамалардың арасындағы сандық тәуелділіктерді орнату болып табылады (Emily, 2020). Сонымен бірге, молекулалық физикадан лабораториялық практикум курсына болашақ физика мұғалімдері молекулалық физикадағы моделдердің қолданылу шекарасын айқындауды меңгереді, әртүрлі мақсатта қолданылатын құрал жабдықтармен жұмыс істеуді үйренеді және эксперимент жүзінде алынған мәліметтерді математикалық өңдеудің әдіс-тәсілдерін меңгеріп, эксперимент нәтижесі бойынша қорытынды жасауға дағыланады (Habre 2006).

Болашақ физика мұғалімдеріне жоғарыда көрсетілгендағдыларды меңгертудің тиімді жолы ретінде сандық технологияларды, виртуалды зертханалық жұмыстарды қолдануды жатқызуға болады (Manana D. Dammer, 2019). Ғылыми-зерттеу жұмыс орындау барысында «Физика мұғалімдерін даярлау» бағыты бойынша жоғары оқу орындарының оқу процесіне енгізуге болатын молекулалық физика курсынан 14 виртуалды зертханалық жұмыс дайындалды. Дайындалған виртуалды зертханалық жұмыстар кешені Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің физика-математика факультетінің 6B01502 – «Физика мұғалімін даярлау» білім беру бағдарламасына молекулалық физикадан лабораториялық практикум курсының мазмұнына енгізілген. Оқу процесіне енгізілген «Молекулалық физикадан лабораториялық практикум» курсының оқу-әдістемелік нұсқаулығына ҚР Авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізімге мәліметтерді енгізу туралы авторлық куәлік алынған (Молекулалық физикадан лабораториялық практикум (оқу-әдістемелік нұсқаулық), 09.01.2024ж. №41836) (Оразов 2024).

Аталған виртуалды зертханалық жұмыстар кешенін педагогикалық бағыттағы жоғары оқу орындарындағы физика білім беру бағдарламасындағы молекулалық физика курсының мазмұнына енгізуді ұсынамыз (Sugurzhanova G., 2024). Дайындалған виртуалды зертханалық жұмыстар кешені педагогикалық бағыттағы жоғары оқу орындарының барлық білім алушылар үшін қол жетімді. Онымен <https://mol-physics.kz> сілтеме арқылы танысуға болады (Молекулалық физикадан лабораториялық практикум, 2024; Сорокин и другие, 2006). Төмендегі 1-кестеде виртуалды зертханалық жұмыстар құрамына кіретін жұмыстардың тақырыптары келтірілген (Аскарова 2006).

1-кесте. Виртуалды зертханалық жұмыстар

№	Виртуалды зертханалық жұмыс тақырыбы	Қолдану мақсаты
1	2	3
1	Изотермиялық процесті оқып үйрену	Изотермиялық процесті экспериментальды түрде оқып-үйрену
2	Изобаралық процесті экспериментальды түрде оқып үйрену	Изобаралық процесті экспериментальды түрде оқып-үйрену
3	Изохоралық процесті оқып үйрену	Газдағы изохоралық процесті экспериментті түрде оқып-үйрену
4	Дюлонг және Пти әдісімен сұйықтың көлемдік ұлғаю коэффициентін анықтау	Сұйықтың көлемдік ұлғаю коэффициентін Дюлонг және Пти әдісімен анықтау
5	Қатты денелердің сызықтық ұлғаю коэффициентін анықтау	Қатты денелердің жылулық қасиеттерімен танысу және сызықтық ұлғаю коэффициентін анықтау
6	Сұйықтың меншікті жылу сыйымдылығын анықтау	Калориметриялық өлшеу әдістерімен танысу, сұйықтың меншікті жылу сыйымдылығын калориметриялық тәсілмен эксперименттік анықтау
7	Беттік керілу коэффициентін сақинаның сұйық бетінен ажырау әдісі бойынша анықтау	Сұйықтың беттік керілу құбылысын зерттеу, сұйықтың беттік керілу коэффициентін анықтаудың эксперименттік тәсілімен танысу
8	Сұйықтың тұтқырлық коэффициентін Стокс тәсілімен анықтау	Қарастырылып отырған тәсілдің теориясымен танысу, өлшеу әдістерін меңгеру және кейбір себептердің эксперимент нәтижесіне тигізетін ықпалына талдау жасау
9	Тамшыны санау әдісімен сұйықтың беттік керілу коэффициентін анықтау	Тамшыны санау арқылы әр түрлі сұйықтардың беттік керілу коэффициенттерін анықтау
10	Ассман психрометр көмегімен ауаның ылғалдылығын анықтау	Ауа ылғалдылығын зерттеу және оны анықтау
11	Ауаның жылу сыйымдылықтарының қатынасын адиабаталық ұлғаю бойынша анықтау (Клеман-Дезорм әдісі)	Жылу сыйымдылықтар қатынасын Клеман-Дезорм әдісін қолданып, газдарда өтетін процесті зерттеу және ауа үшін жылу сыйымдылықтарының қатынасын $\left(\frac{C_p}{C_v}\right)$ адиабаталық ұлғаю әдісімен экспериментте анықтау
12	Ауаның тұтқырлығын анықтау	Тасымал құбылыстары және олардың өту шарттарымен танысу; тасымал коэффициентін анықтап, оны молекула-кинетикалық теория негізімен алынған мәнімен салыстыру
13	Ауаның молярлық массасын анықтау	Ауаның молярлық массасының сандық мәнін сорғылау әдісімен тәжірибеде анықтау; атмосфералық қысымдағы ауа тығыздығын анықтау
14	Қалайының балку және кристалдану құбылысын анықтау	Бірінші түрдегі фазалық ауысуымен танысып, қыздыру және балқыту диаграммасын алып, сондай-ақ қалайының салқындату және кристаллизациясы, қалайы балку нүктесін анықтап, қалайы қыздыру және балқыту кезінде бойындағы өзгерісті анықтау

«Қатты денелердің сызықтық ұлғаю коэффициентін анықтау» виртуалды зертханалық жұмысты ұйымдастыру және өткізу әдістемесін тоқталайық.

Жұмыстың мақсаты: қатты денелердің жылулық қасиеттерімен танысу және сызықтық ұлғаю коэффициентін анықтау.

Қатты денелердің температурасы артқан кезде олардың сызықтық өлшемдерінің ұлғаюы байқалады. Денелердің мұндай жылулық қасиеті ең алдымен олардың құрылысы (структурасы), кристалдық тордағы иондардың өзара әсерлесуі мен орнықты күйдің маңайында жасалатын жылулық тербелістерімен сипатталады. Дәлірек айтқанда, қатты дененің температурасы жоғарылаған кезде кристалдық тор түйіндерінде орналасқан иондар арасындағы тебілу күштерінің (F_0) шамасы олардың тартылу күштерінен (F_1) басым болып, ($F_0 \gg F_1$), нәтижеде қатты дене ұлғаяды. Айтылған осы қасиет сызықтық (α) және көлемдік (β) ұлғаю коэффициенттерімен сипатталады.

Қатты денелердің жылулық ұлғаю қасиеттері α -сызықтық ұлғаю коэффициентімен сипатталады, ол денені 1°C -ға қыздырғанда дененің қандай шамаға ұлғаятындығын көрсетеді:


$$\alpha = \frac{\Delta L}{L(t - t_0)},$$

мұндағы $\Delta t = t - t_0$ – дене температурасының өсімшесі (t_0 – бастапқы, ал t – қыздырылған кездегі температура); ΔL – дененің салыстырмалы ұзаруы ($\Delta L = L - L_0$, L_0 – дененің бастапқы, ал L – денені қыздырылғаннан кейінгі ұзындығы). Изотропты қатты денені қыздырған кезде оның сызықтық өлшемдері барлық бағыттарда бірдей өзгереді. Осыған байланысты, қатты дененің жылулық ұлғаюын β – көлемдік ұлғаю коэффициентімен де сипаттауға болады:

$$\beta = \frac{V}{V_0(t - t_0)},$$

мұндағы $\Delta V = V - V_0$ – дене көлемінің салыстырмалы ұлғаюы; V_0 – $t_0^\circ\text{C}$ температурадағы, ал V – $t^\circ\text{C}$ температурадағы көлем. α және β шамаларының арасында мынадай байланыс бар: $\beta = 3\alpha$.

Қондырғының құрылымы төмендегі 1-суретте келтірілген. Мұндағы, 1 - қондырғының табаны, 2 - қауіпсіздік қорабы, 3 - қыздырғыш, 4 - су құйылған шыны пробирка, 5 - зерттелетін қатты дене үлгісі, 6 - индикатор көрсеткіші, 7 - секунд өлшеу құрылғысы, 8 - ток көзі блогы, 9 - индикатор көрсеткіші, 10 - электр тізбегіндегі ток параметрлері, 11 - жолақ параметрлері.



1-сурет. Зертханалық кондырғының құрылымы

Зертханалық жұмысты орындау алгоритмі:

1. Интернет желісімен қамтамасыз етілген компьютер арқылы <https://mol-physics.kz> сілтеме бойынша көрсетілген сайтқа кіріңіз;

2. Өзіңізге берілген тақырып бойынша лабораториялық жұмыстың үстінен тышқанның сол жақ батырмасын бір рет басасыз, жұмыстың нұсқаулығымен толық танысасыз, ашылған лабораториялық жұмыстың астыңғы жағында орналасқан «скачать» батырмасын басу арқылы жұмысты өзіңіздің компьютеріңізге орнатып алыңыз;

3. Лабораториялық жұмыс орнатылса  осындай батырма пайда болады, көрсетілген батырманың үстінен жылдам екі рет бассаныз жұмыс ашылады.

4. Көрсетілген құрылғылармен толық танысып алыңыз және жұмысты рет-ретімен күйге келтіріңіз.

5. Жолақ параметрлерінде орналасқан температура және ұзындық өлшемдерін өзіңіздің қалауыңыз бойынша өзгертіңіз.

6. Электр тізбегіндегі ток параметрлерінде орналасқан кернеудің мәнін өзіңіздің қалауыңыз бойынша өзгерте аласыз, (әдеттегідей 220 В таңдауға болады).

7. Су құйылған шыны пробирканың үстіне тышқанның батырмасын басып тұрып қыздырғыштың ішіне орналастырыңыз.

8. Жолақ параметрлерінде орналасқан терезеде зерттелетін үлгі денелері көрсетілген. Жолақ параметрлерінде орналасқан терезеде зерттелетін үлгі денелерінің бірін таңдаңыз, таңдалған денені шыны пробиркадағы суға салыңыз.

9. Барлық іс әрекеттерді орындап болсаныз  бастау батырмасын басыңыз.

10. Процестің орындалу барысын мұқият бақылап отырыңыз, өзгерістер нәтижесін

2-кесте түрінде көруге болады. Ол үшін  тоқтату батырмасын бір рет басыңыз,  өзіңізге қажетті t температура мәнінде **нәтижесі** деген сөзді басу арқылы қажетті мәндерді ала аласыз, T , Δl және α мәндері кестеде автоматты түрде көрсетіледі.


2-кесте. Эксперименттік процестің орындалу және өзгерістер нәтижесі

№	мм	, К	, К	, мм	,
1	100	293,15	333,15	0,0722	0,0000180
2	100	293,15	343,15	0,0902	0,0000180

3	100	293,15	353,15	0,1082	0,0000180
4	100	293,15	363,15	0,1263	0,0000180
5	100	293,15	373,15	0,1443	0,0000180
Орташа мәні	100	293,15	353,15	0,10824	0,0000180

11. Тәжірибені әрбір дене үшін 5 рет қайталап, жоғарыдағы мәндердің өзгерісін бақылаңыз.

12. Зерттеу нәтижелеріне қорытынды жасаңыз, сайттың көмегімен алынған тәуелділік графигі бойынша талдау жүргізіңіз (2-сурет).



2-сурет. -тәуелділік графигі

13. Жұмыстың орындалу нәтижесі бойынша анықталған эксперименттік қорытынды мәнді кестелік, эталондық мәнімен салыстырып, қорытынды жасаңыз. 3-кестеде зерттелінетін үлгілік денелерінің жылулық сызықтық ұлғаю коэффициентінің эталондық мәні беріледі.

3-кесте. Зерттелетін үлгі денелердің жылулық сызықтық ұлғаю коэффициенті

№	Үлгілік дене атауы	Жылулық сызықтық ұлғаю коэффициенті, град ⁻¹
1	Шыны	$8,1 \cdot 10^{-5}$
2	Қола	$2,7 \cdot 10^{-5}$
3	Болат	$1,06 \cdot 10^{-5}$
4	Алюминий	$2,3 \cdot 10^{-5}$

14. Тәжірибелік мәннің эталондық мәнінен ауытқуын % есебімен анықтаңыз, мәліметтерді төмендегі 4-кестеге толтырыңыз.

4-кесте. Тәжірибелік мәннің эталондық мәнінен ауытқу кестесі

№	Тәжірибелік мәннің эталондық мәнінен ауытқуы (%)	Орындалу көрсеткішін (OK) есептеу үшін келесі формуланы пайдаланыңыз: $OK = \frac{(TM - ЭМ)}{TM}$ Мұндағы: ТМ – тәжірибелік мән, ЭМ – эталондық мән.
1	$\pm(0 \div 3\%)$	
2	$\pm(4 \div 10\%)$	
3	$\pm(11 \div 15\%)$	
4	$\pm(16 \div 25\%)$	
5	$(\pm 25\% \text{-ден жоғары})$	

15. Зертханалық жұмысты орындау бойынша өзіңізді бағалаңыз, тәжірибеңізді жетілдіру бойынша ұсыныстар жазыңыз. Бағалау үшін 5-кестеде берілген бағалау критерийлерін қолданыңыз.

5-кесте. Білім алушылардың жұмысын қорытынды бағалау бойынша критерийлері

№	Бағалау критерийлері	Бағалау шкаласы (балл)
1	білім алушы зерттеу жұмысының теориялық негіздерін толық меңгерген;	10
2	білім алушы эксперименттік құралдарды, экспериментті орындау алгоритмін және өлшеулерді өз бетінше басқара алады;	10
3	білім алушы дәстүрлі және виртуалды эксперименттерді орындайды, өлшеулер мен есептеулерді жүргізеді және есептеу нәтижелері бойынша қорытынды жасай алады;	10
4	білім алушы жүргізілген зерттеу эксперименті бойынша градиенттік және эталондық мәндермен салыстырулар, қорытындылар жасай алады;	10
5	білім алушы өзінің жасаған эксперименттік зерттеулерінің қорытындысы бойынша өзін-өзі бағалай алады;	10
6	білім алушы өзінің зерттеу қорытындылары бойынша ұсыныстар жасай алады;	10
7	білім алушылар өздік жұмыс тапсырмаларын орындайды;	10
8	білім алушылар жұппен бірге деңгейлік тапсырмаларды орындайды;	10
9	білім алушылар топпен бірге жобалық тапсырмаларды орындайды;	10
10	білім алушы зерттеудің жалпы қорытындысы бойынша жеке есеп береді.	10
Жалпы балл		100

16. Білім алушыларға өздік жұмыс тапсырмасы ретінде келесі тест тапсырмалары ұсынылады. Тест тапсырмаларында білім алушылар бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдайды. Тесті орындап болған соң, білім алушылар жұппен келесі деңгейлік тапсырмаларды орындайды (Аққошқарова Қ., 2006).

1. Ілінген жүктің әсерінен диаметрі 4 мм мыс сым 20°C қызған кездегідей ұзартылды. Мыс үшін: $\alpha = 1,6 \cdot 10^{-6} \text{ K}^{-1}$, $E = 10 \cdot 10^{10} \text{ Па}$. Жүктің салмағын табыңыз.

2. 15 температурада темір сызғыштың ұзындығы 1 м болған. -35 дейін салқындаған кезде сызғыштың ұзындығы қанша өзгереді? $\alpha = 1,2 \cdot 10^{-6} \text{ K}^{-1}$.

3. $t_1 = 150^\circ \text{C}$ температураға дейін қыздырылған мыс сым қозғалмайтын екі қабырға арасында керілген. Сым қандай температурада, салқындаған кезде үзіледі (Гук заңы сым үзілгенге дейін жарамды деп есептеңіз)? Мыстың беріктік шегі $\sigma_\beta = 2 \cdot 10^8 \text{ Па}$. Юнг модулі $E = 10 \cdot 10^{10} \text{ Па}$, $\alpha = 1,6 \cdot 10^{-5} \text{ K}^{-1}$.

4. Темір білеушені қыздыруға 1,68 МДж жылу жұмсалды. Білеушенің көлемі қалай өзгерді? $\alpha = 1,2 \cdot 10^{-5} \text{ K}^{-1}$.

Деңгейлік тапсырмаларды орындап болған білім алушылар топпен бірге төмендегі жобалық тапсырмаларды орындайды (Нуриев М.А. және басқалары, 2019).

Бастапқы ұзындықтары 100 мм болатын алюминий және қола үшін жылулық сызықтық ұлғаю коэффициентін анықтаңыз. Анықталған мәндерді кестелік (эталондық) мәндермен салыстырып, қорытынды жасаңыз.

Жобалық тапсырманы орындауға <https://mol-physics.kz> сілтеме бойынша виртуалды зертхана кешенін қолданыңыз (№5 практикум).

Тапсырмалар толық орындалғаннан кейін білім алушы келесі теориялық және практикалық сұрақтар негізінде білімдерін бекітеді.

1. Денелердің изотроптық және анизотропиялық қасиеттері.

2. Қатты денелердің жылулық қасиеттері, сызықтық және көлемдік ұлғаюының физикалық мағынасын түсіндіріңіз.

3. Кристал және аморф денелерге сипаттама беріңіз.

4. $\alpha = \frac{\Delta L}{L(t - t_0)}$ формулаға сәйкес қайнау температурасының (t) қандай

өзгеру мәндерінде α сызықтық ұлғаю коэффициентінің мәні кестелік (эталондық) мәннен көп ауытқитындығын әрбір эксперименттік үлгі денесі үшін түсіндіріңіз.

5. Осы эксперименттік әдісте сызықтық ұлғаю коэффициентінің өзгеруіне қандай факторлар (сыртқы және ішкі) көбірек әсер етеді және неліктен?

Виртуалды зертханалық жұмыстарды орындау барысында білім алушыларда келесідағдылар қалыптасады:

а) тақырып бойынша теориялық білімді меңгереді;

ә) эксперименттік жұмысты ұсынылған алгоритм бойынша орындау дағдысы қалыптасады;

б) эксперименттік тапсырмаларды орындау, алынған нәтижелерді салыстыру және орындаған әрекеттерінің негізінде қорытынды жасау дағдысын игереді;

в) компьютерлік бағдарламаны, интернет желісін және виртуалды бағдарламаны қолдана алады;

г) эксперименттік жұмысты ұйымдастыру және орындау дағдыларын пайдаланып, жобалық жұмыстарды орындайды.

Білім алушының виртуалды зертханалық жұмысты орындау қорытындысы бойынша өзін-өзі бағалау үшін келесі 6-кесте ұсынылады.


6-кесте. Бағалау кестесі

№	Тәжірибелік мәннің эталондық мәнінен ауытқуы, % есебімен	Орындалу көрсеткіші (ОК), % есебімен	Бағасы (әріппен, дәстүрлі)
1	$\pm(0\div 3\%)$	90%÷100%	A, A-, өте жақсы
2	$\pm(4\div 10\%)$	70%÷89%	C+, B-, B, B+ жақсы
3	$\pm(11\div 15\%)$	50%÷69%	C, C-, D+, D- қанағаттанарлық
4	$\pm(16\div 25\%)$	25%÷49%	FX қанағаттанарлықсыз
5	($\pm 25\%$ -ден жоғары)	0%÷24%	F қанағаттанарлықсыз

Оқытушы қорытынды бағалауды жүргізу үшін бағалау критерийлері арнайы құрастырылады. Бағалау нәтижесі білім алушылардың өзін-өзі бағалау әрекеттерінің шынайылығын да анықтауға мүмкіндік береді (Hochberg K., Riese J., Bögeholz S., 2021).

Қорытынды. Болашақ физика мұғалімдерді даярлауда виртуалды зертханалық жұмыстарды дайындау және оларды пәнді оқытуда қолдану виртуалды зертханалық жұмыстар студенттердің болашақ кәсіпке дайындық деңгейін арттырады.

Педагогикалық жоғары оқу орындарында виртуалды зертханалық жұмыстарды ұйымдастыру және өткізу әдістемесін төмендегідей көрсетуге болады (3-сурет).



3-сурет. Зертханалық сабақты ұйымдастыру мен өткізу әдістемесі

Қорытындылай келе, педагогикалық жоғары оқу орындарында виртуалды зертханалық жұмыстарды ұйымдастыру және өткізу әдістемесін 3-суретте көрсетілгендей ұсынуға болады.

Әдебиеттер

Адылбекова Э.Т., Сарсенбиева Н.Ф., Кулжатаева К.М. (2024) Электрондық ресурстарды оқу үдерісіне тиімді енгізу жолдары. Bulletin of National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan. — 5(411) <https://doi.org/10.32014/2024.2518-1467.822>.

Аубакир А.Г., Майматаева А.Д., Суматохин С.В., Сексенова Д.У. (2023) Болашақ биолог мұғалімдердің цифрлық құзыреттіліктерін қалыптастыру. Bulletin of National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan. — 4(404) <https://doi.org/10.32014/2023.2518-1467.53>

Аскарова Ә.С., Молдабекова М.С. (2006) Молекулалық физика: Оқулық. Алматы: Қазақ университеті, — 246 б. — ISBN 9965-30-001-1

Аккошқарова Қ., Қойшыбаев Н. (2006) Физика. Теория. Есептер мен тест сұрақтары және оны шешу жолдары. Оқу құралы. Алматы: Атамұра. — 336 б. — ISBN 9965-34-358-6

Gkioka O. (2019) Learning how to teach experiments in the school physics laboratory. Journal of Physics: Conference Series. doi:10.1088/1742-6596/1286/1/012016.

Emily M. Smith, Martin M. Stein and N.G. Holmes (2020) How expectations of confirmation influence students experimentation decisions in introductory labs. Physical Review Physics Education Research. — 16 <https://doi.org/10.1103/PhysRevPhysEducRes.16.010113>

Hochberg K., Riese J., & Bögeholz S. (2021) Reflective capacities as predictors of pre-service teachers' pedagogical content knowledge development. International Journal of Science Education. 43(1) <https://doi.org/10.1080/09500693.2021.2006820>

Habre S., Abboud M. (2006) Students' conceptual understanding of a function and its derivative in an experimental calculus course. Journal of Mathematical Behavior. — 25. DOI:10.1016/j.jmathb.2005.11.004

Manana D. Dammer, Marina G. Kovtunovich, Elena A. Leonova, Marina A. Korytova, Zemfira M. Bolshakova (2019) Preparing future physics teachers to work in a virtual learning environment. The European Proceedings of Social & Behavioural Sciences. <https://doi.org/10.15405/epsbs.2019.09.02.31>

Молекулалық физикадан лабораториялық практикум. ЭЕМ-ге арналған бағдарлама 2024 <https://mol-physics.kz>

Нуриев М.А., Сейсенбаева Ж.А., Советканова Д.М. (2019) Жобалап оқыту технологиясы білім беру үдерісінде. — Алматы, 122 б. — ISBN 978-601-298-523-8

Оразов Б.Д., Сыдыкова Ж.К., Наметулова Ф.Д., Тасболат Е.Б. (2024) Педагогикалық жоғары оқу орындарында болашақ физика мұғалімдерін даярлау. ҚР Ұлттық ғылым академиясының Хабаршысы. 2(408) DOI: <https://doi.org/10.32014/2024.2518-1467.721>

Оразов Б.Д., Исаева Г.Б. (2024) Молекулалық физикадан лабораториялық практикум (оқу-әдістемелік нұсқаулық). ЭЕМ-ге арналған бағдарлама. Авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізілімге мәліметтерді енгізу туралы куәлік. — №41836. — 9.01.2024.

Sugurzhanova G., Sydykova Zh., Nurtayeva G., Almabayeva N. (2024) Ways of interdisciplinary communication of physics and informatics. Scientific Herald of Uzhhorod University Series «Physics» Journal. DOI: <https://doi.org/10.54919/physics/55.2024.3pic2>

Сорокин А.В., Торгашина Н.Г., Ходос Е.А., Чиганов А.С. (2006) Физика: наблюдение, эксперимент, моделирование. Элективный курс: Учебное пособие. Москва: БИНОМ. Лаборатория знаний, — 199 с. ISBN 5-94774-133-4

References

Adylbekova E.T., Sarsenbieva N.F., Kuljataeva K.M. (2024) Elektronдық resurstardy oqu üderisine timdi engizu joldary [Ways to effectively integrate electronic resources into the educational process]. Bulletin of National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan. — 5(411) (in Kazakh) <https://doi.org/10.32014/2024.2518-1467.822>. (in Kaz.).

Aubakir A.G., Maimataeva A.D., Sumatohin S.V., Seksenova D.U. (2023) Bolaşaq biolog mūğalimderdiñ sifirlyq qūzyrettilikterin qalyptastyru [Formation of digital competencies of future biology teachers]. Bulletin of National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan. — 4(404) (in Kazakh) <https://doi.org/10.32014/2023.2518-1467.53> (in Kaz.).

Askarova Ä.S., Moldabekova M.S. (2006) Molekulalyk fizika: Oqulyq. [Molecular physics] Almaty: Qazaq universiteti, — 246 p. (in Kazakh) ISBN 9965-30-001-1 (in Kaz.).

Aqçoşqarova Q., Qoişybaev N. (2006) Fizika. Teoria. Eseptter men test sūraqtary jäne ony şeşu joldary. [Physics. Theory. Problems and test questions and ways to solve it]. Oqu qūraly. Almaty:

Atamūra, — 336 p. (in Kazakh) ISBN 9965-34-358-6

Gkioka O. (2019) Learning how to teach experiments in the school physics laboratory. Journal of Physics: Conference Series. (in English) doi:10.1088/1742-6596/1286/1/012016 (in Kaz.).

Emily M. Smith, Martin M. Stein and N.G. Holmes (2020) How expectations of confirmation influence students experimentation decisions in introductory labs. Physical Review Physics Education Research. 16 (in English) <https://doi.org/10.1103/PhysRevPhysEducRes.16.010113> (in Eng.).

Hochberg K., Riese J., Bögeholz S. (2021) Reflective capacities as predictors of pre-service teachers' pedagogical content knowledge development. International Journal of Science Education. 43(1) (in English) <https://doi.org/10.1080/09500693.2021.2006820> (in Eng.).

Habre S., Abboud M. (2006) Students' conceptual understanding of a function and its derivative in an experimental calculus course. Journal of Mathematical Behavior. — 25. (in English) DOI:10.1016/j.jmathb.2005.11.004 (in Eng.).

Manana D. Dammer, Marina G. Kovtunovich, Elena A. Leonova, Marina A. Korytova, Zemfira M. Bolshakova (2019) Preparing future physics teachers to work in a virtual learning environment. The European Proceedings of Social & Behavioural Sciences. (in English) <https://doi.org/10.15405/epsbs.2019.09.02.31> (in Eng.).

Molekulalyq fizikadan laboratorialyq praktikum. EEM-ge arnalğan baǵdarlama (2024) [Laboratory workshop on molecular physics. Computer program] (in Kazakh) <https://mol-physics.kz> (in Kaz.).

Nuriev M.A., Seisenbaeva J.A., Sovetkanova D.M. (2019) Jobalap oqytu tehnologiasy bilim beru üderisinde [Design training technology in the educational process]. — Almaty, 122p. (in Kazakh) — ISBN 978-601-298-523-8 (in Kaz.).

Orazov B.D., Sydykova Zh.K., Nametkulova F.D., Tasbolat E.B. (2024) Pedagogikalyq joǵary oqu oryndarynda bolaşaq fizika mūǵalimderin daıarlaw [Training of future physics teachers in pedagogical universities]. QR Ūlttyq ğylym akademiasynyñ Habarşysy. 2(408) (in Kazakh) DOI: <https://doi.org/10.32014/2024.2518-1467.721> (in Kaz.).

Orazov B.D., İsaeva G.B. (2024) Molekulalyq fizikadan laboratorialyq praktikum (oqu-ädistemelik nūsqaulyq). EEM-ge arnalğan baǵdarlama. Avtorlyq qūqyqpen qorǵalatyn obektılerge qūqyqtardyñ memlekettik tızılımge mälımetterdı engızu turaly kuälık [Laboratory workshop in molecular physics (educational and methodical manual). The program for computers. Certificate of entry of information into the State Register of rights to objects protected by copyright] — №41836. — 9.01.2024. (in Kaz.)

Sugurzhanova G., Sydykova Zh., Nurtayeva G., Almabayeva N. (2024) Ways of interdisciplinary communication of physics and informatics. Scientific Herald of Uzhhorod University Series «Physics» Journal. (in English) DOI: <https://doi.org/10.54919/physics/55.2024.3pic2> (in Eng.).

Sorokin A.V., Torgaşina N.G., Hodos E.A., Chiganov A.S. (2006) Fizika: nablüdenie, eksperiment, modelirovanie [Physics: observation, experiment, simulation]. Elektivnyi kurs: Uchebnoe posobie. Moskva: BİNOM. Laboratoria znani, — 199 p. (in Russian) — ISBN 5-94774-133-4. (in Rus.).

Publication Ethics and Publication Malpractice in the journals of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan

For information on Ethics in publishing and Ethical guidelines for journal publication see <http://www.elsevier.com/publishingethics> and <http://www.elsevier.com/journal-authors/ethics>.

Submission of an article to the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan implies that the work described has not been published previously (except in the form of an abstract or as part of a published lecture or academic thesis or as an electronic preprint, see <http://www.elsevier.com/postingpolicy>), that it is not under consideration for publication elsewhere, that its publication is approved by all authors and tacitly or explicitly by the responsible authorities where the work was carried out, and that, if accepted, it will not be published elsewhere in the same form, in English or in any other language, including electronically without the written consent of the copyright-holder. In particular, translations into English of papers already published in another language are not accepted.

No other forms of scientific misconduct are allowed, such as plagiarism, falsification, fraudulent data, incorrect interpretation of other works, incorrect citations, etc. The National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan follows the Code of Conduct of the Committee on Publication Ethics (COPE), and follows the COPE Flowcharts for Resolving Cases of Suspected Misconduct (http://publicationethics.org/files/u2/New_Code.pdf). To verify originality, your article may be checked by the originality detection service Cross Check <http://www.elsevier.com/editors/plagdetect>.

The authors are obliged to participate in peer review process and be ready to provide corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. All authors of a paper should have significantly contributed to the research.

The reviewers should provide objective judgments and should point out relevant published works which are not yet cited. Reviewed articles should be treated confidentially. The reviewers will be chosen in such a way that there is no conflict of interests with respect to the research, the authors and/or the research funders.

The editors have complete responsibility and authority to reject or accept a paper, and they will only accept a paper when reasonably certain. They will preserve anonymity of reviewers and promote publication of corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. The acceptance of a paper automatically implies the copyright transfer to the National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan.

The Editorial Board of the National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan will monitor and safeguard publishing ethics.

Правила оформления статьи для публикации в журнале смотреть на сайте:

[www: nauka-nanrk.kz](http://www.nauka-nanrk.kz)

ISSN 2518–1467 (Online),

ISSN 1991–3494 (Print)

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en>

Директор отдела издания научных журналов НАН РК *А. Ботанқызы*

Редакторы: *Д.С. Аленов, Ж.Ш. Әден*

Верстка на компьютере *Г.Д. Жадыранова*

Подписано в печать 20.06.2025.

Формат 60x881/8. Бумага офсетная. Печать - ризограф.

46,0 п.л. Тираж 300. Заказ 3.